

FTAXP 06.71.57
ӘОЖ 338.486

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-170-177>

Р.М. РАХИМБАЕВА,¹

аға оқытушы, Э.Ғ.М.
e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,²

Э.Ғ.К., профессор ассистенті.
e-mail: mika75.75@mail.ru

К.Ж. БЕЛЬДИБАЕВА,³

аға оқытушы, Э.Ғ.М.
e-mail: kuanysh.beldibaeva@narхоз.kz

Г.У. МАКЕНОВА,^{*3}

аға оқытушы, Э.Ғ.М.
*e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы қ.

²Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ, Қазақстан, Алматы қ.

³Нархоз университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ПАНДЕМИЯНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМГЕ ӘСЕРІ

Андатпа

Әлемдегі COVID–19 жаһандық дағдарысының басталуы әртүрлі аймақтар мен елдердің экономикасына, соның ішінде ұлттық экономиканың жеке саласы ретінде туризмнің дамуына теріс әсер етті. Халықаралық туризм 2020 ж. және 2021 ж. басында үлкен құлдырауды бастан өткерді: пандемия мен локдаундарға байланысты туристер саны 98 пайызға дейін төмендеді. Мақалада COVID–19 дағдарысына байланысты бүкіл әлемде қалыптасқан жаһандық туризмнің құлдырау деңгейі талданған. Автор талдау барысында халықаралық туризмнің осал бағыттарын бірнеше қауымдасқан топтар мысалында қарастырады. Халықаралық туризмнің қазіргі жағдайы мен дамуына талдау жасау кезінде ақпаратты жинау және қажетті материалды тиімді іздеу, топтау, өңдеу және жалпылау үшін ішінара абстракция әдісі қолданылды. Салыстырмалы әдіс арқылы Африка, Америка, Азия және Тынық мұхиты, Еуропа, Таяу Шығыс аймақтарының үш түрлі экономикалық көрсеткіштерінің динамикасын зерттеу, соның ішінде туризмнің ЖІӨ-ге, экспортқа және халықаралық туризмге тікелей әсерін зерттеу себеп-салдар байланысын орнатуға және халықаралық туризм мәселелерін анықтауға және жеңілдетуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, вакцинация дамып келе жатқан терең мәселелерді шешудің өзекті тетігі болып табылатыны белгілі.

Тірек сөздер: халықаралық туризм, пандемия, COVID–19, экспорт, ЖІӨ, вакцина, экономика, бюджет.

Кіріспе

Туризм негізінен адамдардың ұтқырлығымен байланысты болғандықтан, туризм COVID-19 дағдарысы салдарынан ең көп зардап шеккен салалардың біріне айналғаны таңқаларлық жағдай емес.

Туризм – әлемдік экономиканың маңызды секторларының бірі. Ол Жердегі әрбір ониншы адамды жұмыспен қамтып, тағы жүздеген миллион адамға өмір сүруге мүмкіндік береді [1].

COVID–19 нәтижесінде қалыптасқан дағдарыс – бұл туризм секторы мен оның адамдар мен планетаның өміріне қосатын үлесін қайта қарау мүмкіндігіне айналып отыр, туризмнің артықшылықтары ортақ және тең болатын тұрақты, инклюзивті және тұрақты туризм секторына оралу мүмкіндігі беріліп отыр [2].

Туризм саласының дамуы ұлттық экономиканың жеке саласы ретінде әр түрлі аймақтар мен елдердің экономикасына оң әсер етеді. Туризм саласын зерттеушілердің ойынша туризм саласының дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешілуіне, мемлекеттік бюджеттің толығына және осы арқылы мемлекеттердің осы сала бойынша бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне әкеледі [3].

Әдістер

Талдау барысында түрлі анализдеу мен синтездеу, салыстырмалы аналитикалық, ғылыми жалпылау әдістері, сонымен қатар, қазақстандық және шетел ғалымдарының, халықаралық ұйымдардың материалдары мен еңбектерін салыстыруға мүмкіндік беретін жалпы логикалық әдістер қолданылды.

Мәліметтер мен талдаулар

Қазақстан Республикасы Заңының анықтамасына сәйкес «туризм» – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма төрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты [4].

Отандық ғалым Г.М. Дүйсеннің пікірінше, туризм индустриясы – бұл елдің табиғи және рекреациялық әлеуетіне негізделген, қоғамның демалысқа деген сұранысын қанағаттандыра алатын сервистік инфрақұрылымның барлық түрлерін қамтитын экономикалық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің күрделі, көп қырлы жүйесі және ойын-сауық [5].

Қызмет көрсету нарығындағы әртүрлі туристік қызметтер мен өнімдердің ұсынылуы, әртүрлі елдерге, аймақтарға және континенттерге саяхат жасау, көптеген елдер үшін халықаралық туризм негізгі табыс көзін жасаушы салаға айналды. Туризм мен қызметтердің табыс көзі ретіндегі маңыздылығына негізделген түрлі жарияланымдар мен ресми ақпаратты зерделеу негізінде ел бюджетін толықтыру туралы отандық ғалымдар атап өткен [6].

Туризм саласын зерттеушілер, халықаралық туризм халықаралық экономикалық қатынастардың бөлігі ретінде, Қазақстан Республикасы Алматы облысы мысалында регрессиялық модельді құру арқылы туризм динамикасын, экономиканың дамуына әсерін отандық ғалымдар қарастырды [7].

Теориялық аспектілерге сүйене отырып, туризм саласы жаһанды түрде дамып отырған, мемлекет қаржысының өсуіне, халықтың әл-ауқатын көтеруші, түрлі елдің мәдениетін танытушы сала болып табылады. Бірақ пандемияның басталуы, туризм саласын ондаған жылдарға кері қарай жылжытты. COVID–19 салдарынан, халықаралық туризмнің 2020 ж. наурыз айынан бастап күрт төмендегенін UNWTO мәліметтері негізінде талданған 1-кестедегі аймақтар бойынша халықаралық туризм ақпараттарынан көрінеді.

Кесте 1 – Аймақтар бойынша келуші халықаралық туризм, 2020–2021 жж.

аймақтар/ айлар бойынша, (%)	Африка		Америка		Азия және Тынық мұхиты		Еуропа		Таяу Шығыс		Әлем	
	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021
жаңтар	0	-81	1	-76	-6	-96	4	-83	9	-82	1	-86
ақпан	0	-82	4	-78	-52	-97	2	-87	4	-83	-15	-88
наурыз	-39	-82	-49	-72	-82	-95	-61	-87	-71	-82	-65	-86
сәуір	-91	-81	-94	-69	-99	-95	-97	-87	-99	-84	-97	-86
мамыр	-89	-78	-93	-64	-99	-95	-95	-81	-99	-82	-95	-82
маусым	-90		-91		-98		-88		-98		-91	
шілде	-87		-88		-98		-70		-96		-79	
тамыз	-87		-87		-97		-65		-94		-76	
қыркүйек	-85		-82		-96		-68		-89		-77	
қазан	-81		-78		-96		-76		-87		-82	
қараша	-80		-75		-96		-84		-86		-86	
желтоқсан	-75		-73		-95		-84		-85		-85	
2020 ж. басынан және 2021 ж. 5 айдағы өзгерістері (%)	-69	-81	-68	-72	-84	-95	-69	-85	-75	-83	-73	-85

Ескертпе – автор құрастырған [8].

Берілген мәліметтерді негізге ала отырып, әлем бойынша 2020 ж. халықаралық туризм минус 15% құрап отыр, ал 2021 ж. минус 88%-ға теңесті. 2020 ж. сәуір айында келуші халықаралық туризм ең жоғары деңгейге жетіп, 97% құрады.

Әлемдегі қауымдасқан мемлекеттерге де дағдарыс кері әсерін тигізіп, келуші халықаралық туризм ең жоғары деңгейі 99%-ға жетті. Қауымдасқан елдер бойынша, соның ішінде: ASEAN, G20, LDCs, SIDS топтарының 2020-2021 жж. мәліметтері 2-кестеде берілген.

Кесте 2 – Қауымдасқан топтар бойынша халықаралық туризмге сұраныс, 2020-2021 жж.

Қауымдасқан топтар/айлар бойынша, (%)	ASEAN– Оңтүстік Шығыс мемлекеттерінің ассоциациясы		G20 – дамыған 20 мемлекет		LDCs – дамыған елдердің көпшілігі		LLDCs– теңізге шыға алмайтын, дамушы мемлекеттер		SIDS– кіші арал түріндегі дамушы мемлекеттер		World – бүкіл әлем	
	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021	2020	2021
қаңтар	7	-98	2	-84	0	-90	0	-86	-4	-88	1	-86
ақпан	-36	-98	-10	-88	-21	-91	-4	-85	-22	-88	-15	-88
наурыз	-72	-98	-65	-86	-48	-89	-37	-84	-70	-84	-65	-86
сәуір	-98	-98	-96	-6	-85	-8	-88	-84	-99	-63	-97	-86
мамыр	-98	-97	-98	-81	-83	-89	-87	-82	-99	-59	-95	-82
маусым	-98		-89		-81		-88		-99		-91	
шілде	-98		-74		-80		-87		-93		-79	
тамыз	-98		-71		-81		-86		-94		-76	
қыркүйек	-98		-73		-81		-82		-93		-77	
қазан	-98		-79		-82		-84		-91		-82	
қараша	-98		-84		-83		-83		-89		-86	
желтоқсан	-98		-73–84		-95–82		-84–81		-81		-85	
жылдың басынан, (%)	-82	-98	-72	-85	-67	-90	-68	-84	-77	-77	-73	-85

Ескертпе – автор құрастырған [8]

Әлемдік экономика туризмге COVID–19 әсерінен 4 триллионнан астам доллар жоғалтуы мүмкіндігін растайды [9].

UNWTO 2021 ж. 30 маусымда жариялаған есебіне сәйкес, коронавирустық пандемияға байланысты халықаралық туризмнің құлдырауы 2021 және 2020 жылдары әлемдік ЖІӨ-де 4 триллион доллардан астам шығынға әкелуі мүмкіндігін баяндайды.

Бүкіл әлемде олар COVID–19 вирусын таратпау үшін шектеу шараларын қолдана бастады, шекаралар жабылып, барлық рейстер тоқтатылды: әуе, теміржол және басқалары.

1-диаграммада 2020 жылғы сапарларға шектеу түрі бойынша әлемдік бағыттағы үлесі туралы деректер берілген.




Диаграмма 1 – Сапарларға шектеу түрі бойынша әлемдік бағыттар, 2020 ж. (үлесі, әлемдік келу %)*, * Үлестер 2019 жылдың халықаралық келулерін ескере отырып есептелген [10]

БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымымен бірге ұсынылған есебінде 2020 ж. Халықаралық туризм және онымен тығыз байланысты секторлары 2,4 триллион доллар шығынға ұшырағандығын мәлімдеді [9].

Дүниежүзілік туристік ұйым COVID–19 және туризм туралы жаңа ақпараттық панельді іске қосып, онда пандемияның бүкіл әлемдегі туристік секторларға, аймақтар мен бағыттарға әсері туралы мәліметтер берілген.

Ақпараттық бақылау тақтасында келесідей мәліметтер берілген:

- ◆ халықаралық туристік келу;
- ◆ халықаралық туризмнен түсетін түсімдер;
- ◆ бағыттардың осалдығы [11].

UNWTO мәліметтеріне сәйкес аймақтардың бағыт осалдықтарын берілген үш көрсеткіш бойынша анықтауға болады [12].

1) туризм жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) үлесі, %

2) туризмнің жалпы экспорттағы үлесі, %

3) халықаралық туризм жалпы туризмнің үлесі (ішкі туризмді қоса алғанда), %.

Берілген үш көрсеткіштерді негізге ала отырып, Африка, Америка, Азия және Тынық мұхит, Еуропа, Таяу Шығыс аймақтарының бағыт осалдықтарына талдау жасаймыз.

Африка аймағы бойынша туризмнің жалпы ішкі өнімдегі үлесінің көрсеткішін талдауда келесі жерлерді қарастырамыз: Мауритиус 10 % (2018), Марокко 7% (2018), Кот-д'Ивуар 6% (2018), Ботсвана 5% (2016), Мозамбик 5% (2018), Оңтүстік Африка 3% (2017), Реюньон (2010) 2%-ды құрайды.

Африка аймағы бойынша туризмнің жалпы экспорттағы үлесінің көрсеткіштері: Сао Томе және Принсипе 65% (2019), Гамбия 53% (2018), Кабо Верде 44% (2020), Руанда 30% (2019), Мадагаскар 24% (2019), Судан 22% (2019), Сейшеллес 20% (2020), Того 16% (2018), Танзания 15% (2020), Мауритиус 15%-ды (2020) құрап отыр.

Африка аймағы бойынша халықаралық туризмнің жалпы туризмдегі үлесі туралы мәліметтері келесідей: Чад 94% (2012), Того 93% (2019), Габо Верде 93% (2019), Исватини 66% (2019), Тунис 64% (2019), Сенегал 64% (2017), Намибия 60% (2013), Мозамбик 51% (2018), Марокко 50% (2019) [12].

Америка аймағы бойынша туризмнің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ, %) үлесінің көрсеткіштері: Панама 9% (2013), Ямайка 9% (2017), Мексика 9% (2018), Уругвай 8% (2018), Гондурас 6% (2017), Бермуда 6% (2017), Коста Рика 5% (2016), Перу 4% (2018), Пуэрто Рико 3% (2018), Чили 3% (2012).

Америка аймағы бойынша туризмнің жалпы экспорттағы үлесінің көрсеткіштері: Ангилья 98% (2019), Сен Винсент и Гренадины 86% (2020), Багам 84% (2019), Монсеррат 84% (2020), Сент-Китс және Невис 83% (2020), Аруба 80% (2020), Синт-Мартен 62% (2019), Ямайка 60% (2019), Белиз 44% (2019), Кюрасао 39% (2019).

Америка аймағы бойынша халықаралық туризмнің жалпы туризмдегі үлесі туралы мәліметтері келесідей: Виргин аралы 89% (2019), Пуэрто Рико 71% (2018), Никарагуа 41% (2019), Чили 38% (2016), Боливия 28% (2018), Мексика 27% (2018), Аргентина 23% (2018), Перу 13% (2019) [12].

Азия және Тынық мұхит аймақтары бойынша туризмнің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ, %) үлесінің көрсеткішіне тоқталамыз: Макао (Қытай) 48 % (2017), Фиджи (Океания) 13% (2014), Филлипин 9% (2016), Тайланд 7% (2017), Малайзия 7% (2018), Жаңа Зеландия 6% (2018), Гонг Конг (Қытай) 5% (2017), Индонезия 4% (2017), Үндістан 4% (2012), Австралия 3% (2017).

Азия және Тынық мұхит аймақтары бойынша туризмнің жалпы экспорттағы үлесінің көрсеткіштері келесідей: Макао (Қытай) 94% (2020), Палау (Океания) 88% (2017), Тувалу (Океания) 87% (2013), Мальдив 86% (2019), Вануату (Океания) 71% (2019), Самоа (Океания) 63% (2020), Тонга (Океания) 53% (2019), Микронезия Федеративті Штаттары 30% (2015), Шығыс Тимор (немесе Тимор-Лесте) 29% (2020), Маршалл аралдары (Океания) 24% (2018).

Азия және Тынық мұхит аймақтары бойынша халықаралық туризмнің жалпы туризмдегі үлесі туралы мәліметтерді қарастырамыз: Тимор-Лесте 86% (2018), Жаңа Каледония 46% (2014), Оңтүстік Корея 42% (2018), Тайланд 36% (2019), Малайзия 36% (2019), Индонезия 16% (2019), Австралия 11% (2018) [12].

Еуропа аймағы бойынша туризмнің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ, %) үлесінің көрсеткіштері: Испания 12% (2017), Хорватия 11% (2016), Монтенегро 10% (2009), Исландия 9% (2017), Португалия 8% (2018), Франция 7% (2018), Швеция 7% (2018), Греция 7% (2017), Венгрия 7% (2017), Австрия 7% (2018).

Еуропа аймағы және ТМД-ның кейбір елдеріндегі туризмнің жалпы экспорттағы үлесі бойынша көрсеткіштері келесідей: Албания 25% (2020), Хорватия 21% (2020), Монтенегро 15% (2020), Португалия 12% (2020), Греция 11% (2020), Исландия 9% (2020), Армения 8% (2020), Молдова 10% (2020), Қырғызстан 23% (2020).

Еуропа аймағы және ТМД-ның кейбір елдеріндегі халықаралық туризмнің жалпы туризмдегі үлесі бойынша мәліметтеріне тоқталамыз: Монако 98% (2019), Лихтенштейн 98% (2018), Монтенегро 95% (2019), Мальта 89% (2019), Хорватия 89% (2019), Исландия 87% (2019), Кипр 84% (2018), Словения 75% (2019), Грузия 75% (2016) [12].

Таяу Шығыс аймағы бойынша туризмнің жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ, %) үлесінің көрсеткіштері: Иордания 12% (2018), Египет 4% (2014), Катар 4% (2017), Оман 3% (2018), Сауд Арабиясы 2% (2018).

Таяу Шығыс аймағындағы туризмнің жалпы экспорттағы үлесі бойынша көрсеткіштері келесідей: Ливан 43% (2019), Катар 21% (2020), Сирия 13% (2011), Иордания 13% (2020), Бахрейн 13% (2019), Араб Әмірлігі 11% (2019), Египет 11% (2020), Йемен 10% (2016), Оман 7% (2019), Ирак 4% (2019).

Таяу Шығыс аймағы бойынша халықаралық туризмнің жалпы туризмдегі үлесінің мәліметтері: Бахрейн 97% (2018), Палестина 92% (2019), Араб Әмірлігі 83% (2019), Иордания 72% (2019), Сирия 38% (2010), Сауд Арабиясы 22%-ды (2019) құрады [12].

Нәтижелер

Берілген көрсеткіштер, соның ішінде: 1) туризм жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) үлесі; 2) туризмнің жалпы экспорттағы үлесі; 3) халықаралық туризм жалпы туризмнің үлесі (ішкі туризмді қоса алғанда) негізіндегі талдау нәтижесінде, аймақтардың бағыт осалдықтары анықталды.

Қарастырылған аймақтардың экономикасы туризм саласымен байланыстылығын, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына, мемлекеттік бюджетке түсуші түсімдердің, халықтың әл-ауқатының деңгейіне тура әсер етуші құрал екендігі, соның ішінде кейбір елдер 94–98%-ға дейін тәуелді екендігі анықталып отыр.

Сондықтан туризм саласын пандемияға дейінгі деңгейге жеткізудің Дүниежүзілік туризм Ұйымының сценарийі белгіленіп отыр.

Қорытынды

Қалыптасып отырған пандемияның терең әсерін жеңілдету үшін, қабылданған UNWTO сценарийі болжамдарына сәйкес Дүниежүзілік туризм Ұйымы 2021-2024 жылдарға арналған, кеңейтілген туризм саласының дағдарыстан шығу жолдарын, келесідей сценарийін ұсынып отыр:

1) 2,5 жылға дейін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, яғни 2023 жылдың ортасына дейін деп болжануда;

2) 3 жылға дейін қалпына келтіру, яғни 2023 жылдың аяғына дейін;

3) 4 жылға дейін қалпына келтіру, яғни 2024 жылдың аяғына дейін [13].

Мақаламызды қорыта келе, қазіргі уақытта жаһандық туризм саласында қалыптасып отырған терең дағдарысты жоюдың жолы – вакцинация жасау, вакцина қабылдау – ол күрделеніп отырған мәселені шешуші негізгі кілті. Саяхат шектеулерін жеңілдететін вакциналар мен сандық шешімдер ағымдағы уақыттағы маңызды құрал болып отыр.

Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) соңғы деректері бойынша вакцинациялауды жаһандық өрістету және қауіпсіз саяхаттарға (green passport) арналған цифрлық шешімдерді неғұрлым кеңінен енгізу алдағы уақыттағы жаһанды түрде қажетті халықаралық ұтқырлықтың өсуіне алып келуші тиісті құрал екендігіне сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Antonio Guterres. UN Secretary-General. Guiding tourism's recovery. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 2 Zurab Pololikashvili. UN Secretary-General of the WTO. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 3 Bhatia A.K. The Business of Tourism: Concepts and Strategies. – Sterling Publishers Pvt. Ltd., 2006. – ISBN 9788120731189
- 4 Закон РК «О туристкой деятельности в Республике Казахстан» от 13 июня 2001 года N 211 Глава 1, Статья 1.
- 5 Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. Алматы 2002. – С. 9
- 6 Makenova G.U., Daurenbekova A.N. The international tourism market and its role in the development of the national economy. – Of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. Volume 5. Number 327. 2019. P. 186–198.
- 7 Makenova G.U., Tuleubayeva M.K. Analysis of the Development of International Tourism and Its Impact to Tourism Market: Evidence of Kazakhstan, Journal of Environmental Management and Tourism. – Volume XI, Winter, 2020. No. 8(48). P. 2053–2067.
- 8 <https://www.unwto.org/international-tourism-and-covid-19>
- 9 Новости туризма ООН № 27 от 7 июля 2021. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-news-27>
- 10 Барометр ЮНВТО. – Том 18. – Выпуск 7. – Декабрь, 2020.
- 11 UNWTO. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 12 UNWTO, International tourism and COVID–19, UNWTO tourism dashboard, Vulnerability of destination. P. 4. URL: <https://www.unwto.org/international-tourism-and-covid-19>
- 13 UNWTO World Tourism Barometer. September, 2020. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometerrus.2020.18.1.5>

REFERENCES

- 1 Antonio Guterres. UN Secretary-General. Guiding tourism's recovery. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 2 Zurab Pololikashvili. UN Secretary-General of the WTO. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 3 Bhatia A.K. The Business of Tourism: Concepts and Strategies. – Sterling Publishers Pvt. Ltd., 2006. ISBN 9788120731189
- 4 Zakon RK «O turistkoj dejatel'nosti v Respublike Kazahstan» ot 13 ijunja 2001 goda No. 211 Glava 1, Stat'ja 1.
- 5 Dujsen G.M. Osnovy formirovanija i razvitija industrii turizma v Kazahstane. Almaty 2002. P. 9
- 6 Makenova G.U., Daurenbekova A.N. (2019) The international tourism market and its role in the development of the national economy. – Of the national academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences Volume 5, Number 327, pp. 186–198.
- 7 Makenova G.U., Tuleubayeva M.K. (2020) Analysis of the Development of International Tourism and Its Impact to Tourism Market: Evidence of Kazakhstan, Journal of Environmental Management and Tourism. Volume XI, Winter, No. 8(48), pp. 2053–2067.
- 8 <https://www.unwto.org/international-tourism-and-covid-19>
- 9 Novosti turizma OON No. 27 ot 7 ijulja 2021. URL: <https://www.unwto.org/un-tourism-news-27>
- 10 Barometr JuNVTO. Vol. 18. Vypusk 7. Dekabr', 2020.
- 11 UNWTO. URL: <https://www.unwto.org/tourism-covid-19>
- 12 UNWTO, International tourism and COVID–19, UNWTO tourism dashboard, Vulnerability of destination. P. 4. URL: <https://www.unwto.org/international-tourism-and-covid-19>
- 13 UNWTO World Tourism Barometer. September, 2020. URL: <https://www.e-unwto.org/doi/abs/10.18111/wtobarometerrus.2020.18.1.5>

Р.М. РАХИМБАЕВА,¹

ст. преподаватель, м.э.н.

e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

М.К. ТУЛЕУБАЕВА,²

к.э.н., ассистент профессора

e-mail: mika75.75@mail.ru

К.Ж. БЕЛЬДИБАЕВА,³

ст. преподаватель, м.э.н.

e-mail: kuanysh.beldibaeva@narxoz.kz

Г.У. МАКЕНОВА,^{*3}

ст. преподаватель, м.э.н.

*e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный исследовательский

технический университет им. К.И. Сатпаева, Казахстан, г. Алматы

³Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ НА МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТУРИЗМ

Аннотация

Начало глобального кризиса Covid-19 в мире оказало негативное влияние на экономику различных регионов и стран, в том числе на развитие сферы туризма как отдельной отрасли национальной экономики. Международный туризм пережил серьезный спад в 2020 г. и в начале 2021 г.: из-за пандемии и локдаунов количество туристов снизилось до 98 процентов. В статье проанализирован уровень спада в сфере глобального туризма, складывающийся по всему миру из-за кризиса Covid-19. В ходе анализа автор рассматривает уязвимые направления международного туризма на примере нескольких ассоциированных групп. При проведении анализа современного состояния и развития международного туризма использовался метод частичной абстракции для сбора информации и эффективного поиска, группировки, обработки и обобщения необходимого материала. Исследование динамики трех различных экономических показателей регионов Африки, Америки, Азии и Тихого океана, Европы, Ближнего Востока с помощью сравнительного метода, в том числе прямого влияния туризма на ВВП, экспорт и международный туризм, позволяет установить причинно-следственные связи и выявить и смягчить проблемы международного туризма. В частности, известно, что вакцинация является актуальным механизмом решения складывающихся глубинных проблем.

Ключевые слова: международный туризм, пандемия, COVID-19, экспорт, ВВП, вакцина, экономика, бюджет.

R.M. RAKHIMBAYEVA,¹

senior lecturer, m.e.s.

e-mail: roza_madjarova68@mail.ru

M.K. TULEUBAYEVA,²

c.e.s., assistant professor.

e-mail: mika75.75@mail.ru

K.ZH. BELDIBAYEVA,³

senior lecturer, m.e.s.

e-mail: kuanysh.beldibaeva@narxoz.kz

G.U. MAKENOVA,^{*3}

senior lecturer.

*e-mail: makenovagulsim3@gmail.com

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²K.I.Satpayev Kazakh National Research Technical Institute, Kazakhstan, Almaty

³University of Narxoz, Kazakhstan, Almaty

INFLUENCE OF THE PANDEMIC ON INTERNATIONAL TOURISM

Abstract

The beginning of the global Covid-19 crisis in the world had a negative impact on the economies of various regions and countries, including the development of tourism as a separate branch of the national economy. International

tourism experienced a serious downturn in 2020 and early 2021: due to the pandemic and lockdowns, the number of tourists dropped to 98 percent. The article analyzes the level of decline in global tourism, emerging around the world due to the Covid-19 crisis. In the course of the analysis, the author considers vulnerable areas of international tourism on the example of several associated groups. The analysis of the current state and development of international tourism used the method of partial abstraction to collect information and effectively search, group, process and summarize the necessary material. The study of the dynamics of three different economic indicators of the regions of Africa, America, Asia and the Pacific, Europe, the Middle East using a comparative method, including the direct impact of tourism on GDP, exports and international tourism, allows to establish causal relationships and identify and mitigate the problems of international tourism. In particular, it is known that vaccination is a relevant mechanism for solving the emerging underlying problems.

Key words: international tourism, pandemic, COVID–19, export, GDP, vaccine, economy, budget.